



**БҰЙРЫҚ**

2022 жылдың 5 желтоқсаны  
Аққулы ауылы

**ПРИКАЗ**

№ 240  
село Аққулы

**Ауданның білім беру ұйымдарында ақша қаражатын жинауға тыйым салу туралы**

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 12-бабы, 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес, ауданның білім беру ұйымдарында ақша қаражатын заңсыз жинауға, сыйлықтарды, қызметтерді және басқа да материалдық сыйақыларды қабылдауға жол бермеу мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Орта жалпы білім беру, мектепке дейінгі және қосымша білім беру ұйымдардың басшыларына:

1) ауданның орта жалпы білім беру, мектепке дейінгі және қосымша білім беру ұйымдарында ақша қаражатын жинауға, сыйлықтар, қызметтер және басқа да материалдық сыйақылар қабылдауға жол бермесін.

2) Осы бұйрықпен білім беру ұйымдарының барлық қызметкерлерін журналға қол қою арқылы таныстырсын.

3) Осы бұйрықты білім беру мекемелерінің ресми сайттарында орналастырсын.

2. Осы бұйрықтың орындалуына жауапкершілік білім беру мекемелерінің басшыларына жүктелсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау сектор меңгерушісі Динара Курмашевна Кобайдароваға жүктелсін.

Бөлім басшысы



Е.Еркенов

Таныстырылды:

(қолы, А.Ж.Т., күні)